

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 135 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кездегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және олардың сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды іске асырған кезде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастырылуын қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жұмыстарын үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

К. Минасян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 1 қарашадағы
№ 135 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"
жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің
құралдарымен іске асырған кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Қызметін кеден ісі саласында жүзеге асыратын тұлғалардың, еркін қоймалар иелерінің, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар резиденттерінің (қатысушыларының) жалпы тізілімін қалыптастыру туралы" 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 271 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу аясы

2. Осы Қағидалар "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде

орындалатын рәсімдердің сипаттамаларын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"тарихи деректер" – кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде ол қалыптастырылған кезден бастап сақталатын және оған өзгерістер енгізу көзделмейтін ақпарат;

"ұлттық тізілім" – кеден қоймалары иелерінің тізілімі, оны қалыптастыру мен жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттің кеден органы жүзеге асырады;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектіні оның өмірлік циклының белгілі бір сатысында сипаттайтын және жалпы процесс операциясын орындаған кезде өзгертін қасиет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарында қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.CC.09, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жалпы процеске қатысушыларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарынан заңды тұлғаларды ұлттық тізілімге енгізу және одан алып тастау, кеден қоймасы иесі ретіндегі қызметін тоқтата тұру (қайта бастау) туралы, сондай-ақ ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар туралы мәліметтердің өзгергені туралы ақпарат алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияға келіп түскен ақпараттың негізінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін автоматтандырылған қалыптастыруды және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) арқылы ұсынуды қамтамасыз ету;

г) Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің сұрау салуы бойынша кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшесі
P.CC.09.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің ұлттық тізілімді жүргізуге және кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін оны Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген атқарушы билік органы

P. CC.09.ACT.002	мүдделі тұлға	сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, өз қызметінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға
------------------	---------------	--

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өз мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері;
- б) кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері;
- в) кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған, ұлттық тізілімдерден заңды тұлғалар туралы мәліметтердің негізінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға ұсыну жүзеге асырылады.

Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу және оларды алып тастау, сондай-ақ кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобына енгізілген, кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту рәсімдері орындалады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынған кезде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобына енгізілген мынадай жалпы процесс рәсімдері орындалады:

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;


кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу;

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу.

Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынған кезде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден қоймалары

иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың нақтыланған сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы графикалық нотацияны пайдалану арқылы жасалған UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) және мәтіндік сипаттаумен жабдықталған.

4. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімде қамтылған

занды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту (қосу, алып тастау) туралы ақпаратты алған кезде басталады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органында ұлттық тізілімді жүргізу кезінде осы мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізу туралы құжаттардың тіркеу нөмірлерінің бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізу кезінде "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімі орындалады.


Заңды тұлғаларды кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу кезінде мәлімделген, ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерткен кезде, оның ішінде кеден қоймасының иесі ретінде заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру (қайта бастау) кезінде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімі орындалады.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімнен алып тастау кезінде "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу процесінде заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізуді растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгертін болса, онда заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну 2 рәсім пайдаланыла отырып жүзеге асырылады: "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) және "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу" (P.CC.09.PRC.001).

Аталған мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 135 шешімімен бекітілген "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 1 қарашадағы № 135 шешімімен бекітілген "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сай болуға тиіс.

16. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.09.PRC.001	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу	рәсім кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.09.PRC.002	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту	рәсім кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.09.PRC.003	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары	рәсім заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы ақпаратты

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу;

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу;

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу.


Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді ету қажеттігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.09.PRC.004) рәсімі орындалады.

Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияда сақталатын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген барлық заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтер тарихи деректер ескеріле отырып, не толық көлемде, не белгілі бір күнгі және уақыттағы жай-күйі бойынша сұратылады. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде пайдаланылады. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді

ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу" (P.CC.09.PRC.005) рәсімі орындалады.

Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылған заңды тұлғалар туралы немесе аталған сұрау салу жіберілген кезден бастап бұл сұрау салу орындалған кезге дейін оған өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу" (P.CC.09.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.09.PRC.004	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді ету қажеттігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
P. CC.09.PRC.005	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу	рәсім кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуға арналған
P. CC.09.PRC.006	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтермен үйлесімді етуге арналған


6. Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

21. Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы ұсынған кезде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузер терезесінде кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді іздеу және (немесе) шығару параметрлерін береді, браузер терезесінде ұсынылған, кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алынатын ақпаратпен жұмыс істеуді жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

22. Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Мүдделі тұлғаларға кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.09.PRC.007	Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталының веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, осы портал арқылы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P. CC.09.BEN.001	заңды тұлғалар туралы мәліметтер	мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін Комиссияға ұсынатын, ұлттық тізілімнен алынатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер
P. CC.09.BEN.002	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің жай-күйі туралы ақпарат	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат
P. CC.09.BEN.003	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімі	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалығы (сыныптауышы) қасиеттерінің сипаттамасы 6-кестеде берілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалығы (сыныптауышы) қасиеттерінің сипаттамасы

Кодпен белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
			әлем елдері атауларының тізбесін және оларға сай кодтарды қамтиды (


P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.015	көлік түрлерінің және тауарларды тасымалдаудың сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдары түрлерінің және тауарларды тасымалдаудың тізбесін және оларға сай кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.025	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы	сыныптауыш	мүше мемлекеттердің кеден органдарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімі

27. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

28. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізген кезде орындалады.

29. Бірінші болып "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

30. Комиссия кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлғалар туралы мәліметтер енгізіледі және мүше мемлекеттің уәкілетті органына заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.09.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау

нәтижелері бойынша заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.09.OPR.004) операциясы орындалады.

33. Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу және кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

34. "Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу" (P.CC.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.09.OPR.001	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.002	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.003	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.004	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

8-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.001) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.001

2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұлттық тізілімге енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтер Комиссияға берілді

9-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.002) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.002
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссия кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.001) операциясы)
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы

5	Шектеулер	Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сай болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізеді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны қалыптастырып, мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы мәліметтер кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

10-кесте

"Заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.09.OPR.003) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P. CC.09.OPR.003
2	Операцияның атауы	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне

		енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.С.С.09.ОПР.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу туралы хабарлама өңделді


11-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (Р.С.С.09.ОПР.004) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р. СС.09.ОПР.004
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	заңды тұлғалар туралы мәліметтерді кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізу кезінде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.С.С.09.ОПР.002) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	заңды тұлғалар туралы енгізілген мәліметтерді қамтитын кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімі

35. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде орындалады.

37. Бірінші болып "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

38. Комиссия кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша

кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміндегі заңды тұлғалар туралы мәліметтерді жаңарту жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

39. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алған кезде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.09.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау" (P.CC.09.OPR.008) операциясы орындалады.

41. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу және заңды тұлғалар туралы өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижелері болып табылады.

42. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту" (P.CC.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.09.OPR.005	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.006	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.007	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы	

P. CC.09.OPR.008	жаңартылған мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
------------------	-----------------------------------	--

13-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.005) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.005
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтер Комиссияға берілді

14-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.006) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.006
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия

4	Орындау шарттары	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну" (Р.СС.09. OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сай болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізеді, кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қалыптастырып, мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміндегі заңды тұлғалар туралы мәліметтер өзгертілді, кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

15-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (Р.СС.09. OPR.007) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.СС.09. OPR.007
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.С.С.09. OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама өңделді

16-кесте


"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау" (Р.С.С.09. OPR.008) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.С.С.09. OPR.008
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу кезінде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.С.С.09. OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	—
		орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған

6	Операцияның сипаттамасы	мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы жаңартылған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімі

43. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

44. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімі ұлттық тізілімнен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады.

45. Бірінші болып "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.009) операциясы орындалады,

оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органында кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер қалыптастырылады және Комиссияға ұсынылады.

46. Комиссия кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен тиісті заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау туралы хабарламаны жіберіледі.

47. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау туралы хабарламаны алған кезде "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу" (P.CC.09.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

48. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Кеден қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.09.OPR.012) операциясы орындалады.

49. Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау және кеден қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімін орындаудың нәтижелері болып табылады.

50. "Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау" (P.CC.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.CC.09.OPR.009	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.010	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.011	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P. CC.09.OPR.012	кеден қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.009) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.009
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды

19-кесте

"Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.09.OPR.010) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.CC.09.OPR.010
2	Операцияның атауы	кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Кеден қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаларды алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.09.OPR.009) операциясы)
